

# Валюта жестілігі

2023.27.02-03.03





Ақпанның аяғы мен наурыздың басы **теңгенің** нығаюымен есте қалды. Бұл негізінен ішкі факторларға байланысты болды. Өткен аптада экспорттаушылар түсім ақшаны 295 млн доллар мөлшерінде сатты, ал Ұлттық қордан бюджетке түскен трансферттік түсімдер шамамен 590 млн теңгені құрады. Бұл ретте сыртқы жағдай ұлттық валюта үшін қолайлы болды.

**Доллар** индексі бір апта ішінде 0.6 п.т.-қа төмендеп, 104.53 пункт деңгейінде жабылды. Апта ішінде индекс Атланта ФРБ президенті Рафаэль Бостиктің мәлімдемесі аясында 105.03 пунктке дейін өсті. ФРБ өкілі базалық мөлшерлемені көтеріп, жыл соңына дейін 5-5.25% деңгейінде ұстап тұру керектігін айтқан болатын.

**Мұнай** бағасы теңге бағамына қолайлы әсер етті. Бір апта ішінде мұнай бағасы бір баррель үшін 85.8 долларға көтерілді. Бұған негіз болған жағдай – Қытайда коронавирустық шектеулер алып тасталған соң, осы ел тарапынан энергия ресурстарына деген сұраныстың артқандығы еді. Бұл ретте өткен апта ішінде Bloomberg-тің БАЭ-нің ОПЕК-тен шығуы мүмкін екендігі туралы Bloomberg-тің мәлімдемесінен кейін мұнай бағасы күрт түсті.

**Рубль** бағамы ресейлік мұнай экспортының азаюы аясында әлсіреуін жалғастырды. G7 елдері тарапынан қабылданған санкциялар теңіз экспортының 25%-ға қысқаруына әсер етті.

Ұлттық қордан трансферттер жіберу үшін 750-780 млн доллар көлемінде доллар сату жоспары аясында біз теңгенің одан әрі нығаятындығын күтеміз. Алайда БЖЗҚ валюталық үлесті қолдау мақсатында наурызда 200-250 млн доллар мөлшерінде валюта сатып алуды көздеуде. Бұл бағамды қолдауға әсер етері ықтимал.

## Іргелі факторлар бойынша ақпар

фактордың атауы	2023.03.03 баға белгіленімі	% Δ		теңгеге ықпал ету*	фактордың атауы	2023. 03.03 қарасты мән	қайта қарау күні	қайта қарау бағыты	
		апта	ай						
<b>Brent бағасы</b>	85.8	3.2%	-3.4%	▼	ОБ нақты мөлшерлемесі**	ҚРҰБ	4.75%	2023.24.02	▲
<b>Доллар индексі</b>	104.5	-0.6%	1.4%	▼		АҚШ ФРЖ	1.65%	2023.02.01	▲
<b>USDRUB</b>	75.6	0.0%	7.4%	▲		ЕОБ	-3.30%	2023.02.02	▲
<b>CDS спреді (USD/KZT)</b>	10.3	+1.3 п.п.	-0.4 п.п.	▼		РФ ОБ	0.50%	2023.10.02	▼

\*Jusan Analytics бағалауы өзгерісінің теңге серпініне ықпалы : ▲ әлсіреу, ▼ нығаю

\*\* пайыздың атаулы мөлшерлемесі мен инфляция деңгейінің 12 айдан кейінгі айырмашылығы (монетарлық реттеушілердің болжамы)

## Теңгенің шетел валюталарына қатысты бағамы

валюта жұбы	2023.03.03 қарасты бағам	% Δ			12 ай ішінде min	12 ай ішінде max
		апта	ай	жыл басынан бері		
<b>USD KZT</b>	431.1	-3.7%	-6.0%	-6.8%	414.67	512.19
<b>EUR KZT</b>	457.3	-3.5%	-8.8%	-7.2%	443.06	563.56
<b>RUB KZT</b>	5.7	-3.5%	-12.3%	-11.0%	3.98	9.1
<b>CNY KZT</b>	62.5	-3.2%	-8.2%	-6.4%	62.21	80.76



## Jusan Analytics индекстері мен есептеулері

индекстің атауы	2023.03.03 қарасты мән	% Δ			серпін (соңғы 12 айдағы көрініс)
		апта	ай	жыл басынан бері	
<b>ТЕҢГЕ индексі</b>	91.6	3.8%	8.6%	9.5%	
Теңгенің құбылмалылығы*	0.3%	0.8%	1.5%	5.3%	
<b>Экспорттық бағалар индексі</b>	153.8	4.11%	5.1%	-2.1%	


\* Өзгеру бағаналары құбылмалылық жолағы үшін тиісті кезеңдегі (соңғы 12 ай) орташаны белгілеу үшін қолданылады. Жыл басынан бері бағанында соңғы 12 айдағы орташа жылдық құбылмалылық көрсетіледі.

## Jusan Analytics болжамдары

болжам жасалған күн	валюта жұбы	болжам көкжиегі			деректің болжамға сәйкес келуі*	түсініктемелер
		апта	ай	жылдың соңы		
2023.03.03	USDKZT	431.1	466.4	477.5	x	Валюталық түсім ақшаны сату және Ұлттық қордан көзделген трансферттер аясында бағамды нығайту

\* сәйкес келеді, x сәйкес келмейді

## Jusan Analytics есебіне сәйкес теңгенің долларға қатысты бағамы бойынша болжам



Біз бағам бойынша болжамымызды теңге жайғасымының нығаю жағына қарай қайта қарап шықтық. Болжамдарды қайта қарау бірінші кезекте біздің модельдерге енгізілетін инфляциялық болжамдарды түзету жағдайына байланысты болды. Айталық, ҚРҰБ жаңартылған деректеріне сүйенер болсақ, күтілетін инфляцияны бағалау 21.3%-дан 17.3%-ға дейін қысқарды. Сәйкесінше барлық сценарийлер бойынша болашақ кезеңдерге қатысты болжамдардың өзгеру қарқыны қайта қаралды. Мұнай нарығының тұрақты күйін және оған деген сұраныстың жоғары екендігін көре отырып, біз де мұнайға қатысты пессимистік сценарийімізді қайта қарадық. Осы ретте барлық сценарийлерде біз базалық мөлшерлеме бойынша болжамымызды өзгертпейміз. Өйткені ҚРҰБ риторикасына зер салсақ, реттеуші базалық мөлшерлемені ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде ұстап тұруға ниетті.

**Автор:** Сұңғат Рысбек

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
[analytics@jusan.kz](mailto:analytics@jusan.kz)